

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Республикалық ақпараттық-техникалық орталығын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, ақпараттама және жағдайлық талдау жөніндегі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны етіп қайта құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 қыркүйек N 1390. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 850 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.10.2015 № 850 қаулысымен.**

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат) сәйкес және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Республикалық ақпараттық-техникалық орталығы қолданылып отырған қаржыландыру тәртібін 1997 жылдың аяғына дейін сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, ақпараттама және жағдайлық талдау жөніндегі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта құрылсын.

2. Мемлекеттік басқарудың өкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі қызметін атқаратын орган болып Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеттері болып мыналар белгіленсін:  
төтенше және авариялық жағдайлар саласында ақпаратты жинау, өңдеу және жағдайлық талдау жөніндегі арнаулы жұмыстарды орындау, табиғи және техногендік сипаттағы талдамалық және ретроспективтік шолуларды әзірлеу;  
төтенше жағдайлар бойынша республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру және дамыту;  
төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік есеп жүргізу;  
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті

жүйесіне есептеу және басқа да ақпарат құралдарын монтаждау, іске қосу жұмыстарымен және жүйелік-техникалық қызмет көрсету.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті бір апта мерзімде Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және оның белгіленген тәртіппен тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, заңда белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

6 .                    к ү ш і                    ж о й ы л д ы

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.04. N 1164 қаулысымен.

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы*  
*П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*